

Шахтинск аймағында салынатын салықтың кейбір мәселелері туралы

Күші жойғал

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының IV шақырылған XXXVII сессиясының 2011 жылғы 26 қазандағы N 739/37 шешімі. Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 қарашада N 8-8-99 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 10 мамырдағы № 1515/21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.05.2018 № 1515/21 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Автотұрақтар (паркингтер) санаты осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың мөлшерлеме көлемінің базалық мөлшерлемесі ұлғайтыла отырып белгіленсін.

3. Шахтинск аймағына жататын автотұрақтар (паркингтер), автомомобилге май құю станциялары үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге базалық салық мөлшерлемесін қолдануға жақын жатқан елді мекен болып Шахтинск қаласы белгіленсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

Сессия төрағасы

А. Калыков

Шахтинск қалалық

мәслихатының хатшысы

Ә. Сатова

КЕЛІСІЛДІ

Шахтинск қаласы бойынша

Салық басқармасының

бастығы

С. Рахимова

Шахтинск аймағы бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаты

P/c N	Автотұрақтардың түрлері	Санаттары
1	Жер үстіндегі жабық типті автотұрақтар, ашық типті автотұрақтар. Басқа маңыздағы ғимараттарға жалғастырылған автотұрақтар, басқа маңыздағы ғимараттардың ішіне салынған автотұрақтар.	1 санат
2	Ғимараттардың астындағы, жер астындағы, жертөлелердегі, шығыңқы ірге немесе төменгі жер үсті қабаттарда орналасқан автотұрақтар	2 санат

Қалалық мәслихаттың
2011 жылғы 26 қазандағы
XXXVII сессиясының
N 739/37 шешіміне
2 қосымша

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын салық мөлшерлемесінің санатына қарай мөлшері

P/c N	Автотұрақтардың санаты	Мөлшерлемелер
1	1 санат	10 есе
2	2 санат	9 есе